Әдістемелік кеңес хаттамасы №1

Күні 10.09.2025 ж
№ I әдістемелік кеңес

Тақырыбы: Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстар бойынша жіберілген олқылықтарды шешу мақсатында түзілген 2025-2026 жаңа оқу жылының жылдық жоспары мен міндеттері

Күн тәртібінде :
1. ҚР білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту туралы 2025-2026оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен мұғалімдерді таныстыру. Біртұтас тәрбиеге негізделген құндылықтарды басшылыққа ала отырып жқмыс жасау .
2.Өткен оқу жылында жіберілген олқылықтарды анықтау;
3. Жаңа оқу жылына олқылықтарды шешу жоспарын куру және бекіту .
4. Аттестатаудан өтетін мұғалімдерді анықтау
5. Пән онкүндіктерінің, педоқулардың, байқаулардың кестелерімен таныстыру
6. ҚМЖ жазу үлгісі және оған қойылатын талаптар мен міндеттер

1. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМ АТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) МОН РК (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырул армен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары н бекіту туралы» МОН РК 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424;

- «Оқулықтардың, оқуәдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (МОН РК 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы)

- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» МОН РК 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларым ен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);
- «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығыМектептің әдістемелік жұмысының тақырыбы:

Мектеп ғылыми-әдістемелік жұмысының тақырыбы:

«Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту»

Мақсаты:

- Білім сапасын арттырудың қазіргі педагогикалық технологияларын білім беру үрдісіне енгізіп, жетілдіру;
- Шығармашылық топтардың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми- әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту.
- Жеке тұлғаны зертханалық, ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу
- Үлгермеушіліктің алдын алу және білім беру қызметінің сапасын арттыру

Міндеттері:

- Оқу-материалдық, нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдану сауаттылығын жетілдіру;
- Білімді бақылау, бағалау және оқу үдерістерін тиімді жоспарлау арқылы үйлестіру;
- Педагог кадрлардың біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету; әдістемелік тұрғыда жетілдіру;
- Кәсіби даярлықтағы ақпараттық – коммуникациялық білімді жетілдіру, электронды ресурстарға барынша қол жеткізу;
- Педагогтердің зерттеушілік шеберлігін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыту;
- Өз бетінше білім алуға, оны іс-тәжірибеде қолдануға бағытталған педагогикалық құзырлылықты қалыптастыруға ықпал ететін білім мазмұнын қамтамасыз ету;
- Білім сапасын арттыруда жаңа педагогикалық технологияларды, әдістерді, құралдар мен нысандарды енгізу және жетілдіру;
- Педагогтердің ғылыми әдістемелік –мүмкіндіктері мен инновациялық қызметін жаңарту;

Күтілетін нәтижелер:

- білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі;
- оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;

Тыңдалды 1 мәселе бойынша мектеп директорының орынбасары О.Тыманбаева баяндама жасады .
Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:
• тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2
сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін;
• 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына
1 сағаттан оқытылатынын;
• «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына
2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет.
ӘНХ мұғалімсдер арасында толық таныстырылып талданды
2 сұрақ бойынша Л.Шамахова өткен оқу жылындағы олқылықтарға тоқтала келіп,оны болдырмау жоспарын ұсынды.Бір ауыздан олқылықтарды жою жоспары бекітіліп, таныстырылды.
3 сұрақ бойынша мұғалімдер тарапынан аттестаттауға өтініш берген екі ұстазға біліктілік санатының құжаты тапсырылды .Және де білім беру курстарына қатысуды бірауыздан жолға қою жоспары ұсынылды.
Қаулы
Ұсынылған әдістемеліуккеңес жоспары бір ауыздан мақұлданды

20204-2025 жылдардағы оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Жеке-кәсіби даму және біліктілікті арттыру жоспарларын іске асыру негізінде кәсіби қиындықтарды жоюды ұйымдастыру.

2. Білім беру процесіне қатысушылардың теориялық білімін, педагогикалық шеберлігін жетілдіру, педагогтерді инновациялық қызметке қосу, тұлғаға бағдарланған, дамытушы және ақпараттық технологияларды қолдануды жандандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

3. Білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметін әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру, олимпиадаларға, зияткерлік және кәсіптік конкурстарға дайындық сапасын арттыру.

4. Мектептің әдістемелік тақырыбын мұғалімдердің практикалық қызметіне оларды білім беру жүйесінің міндеттеріне интеграциялау арқылы табысты іске асыруға жәрдемдесу.

5. Педагогтердің кәсіби қызметіне оқытудың белсенді әдістерін енгізу.

* оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасу;

* мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуіне жағдай жасау. Өткен оқу жылындағы әдістемелік кеңестің қызметі мектеп жұмысының бағыттарынан, сондай-ақ әдістемелік қызмет жұмысының қорытындылары бойынша бөлінген проблемалық өріс негізінде және бірыңғай әдістемелік тақырыптың негізгі идеяларына сүйене отырып қалыптасты. (талдау қоса беріледі).

- Жаңа оқу жылында білім сапасын көтеруге ден қою керектігі және оқушылардың олқылықтарымен жұмысты жандандыру ұсынылды .
- Білім сапасын көтеру мақсатында оқушыларға саралап оқыту әдісін толықтай енгізіу мақұлданды.
- Пәндік апталықтар тізімі мақұлданып жоспары бекітілді.

ӘК төрайымы: Н.Оспанова